«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
ПО КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

120008, Қызылорда қаласы, Жалаңтөс Бахадүр көшесі, 2
тел/факс.: 8 (7242) 23-38-09, факс 8 (7242) 23-35-41
fink.kyzyl@minfin.gov.kz

120008, город Кызылорда, улица Жалантос Бахадура, 2
тел/факс.: 8 (7242) 23-38-09, факс 8 (7242) 23-35-41
fink.kyzyl@minfin.gov.kz

_____ № _____

№ 06-20/ЗТ-М-381 от 21.08.2019 г.

«AG-Эксклюзив» ЖШС – і
БИН: 020640005065

Шымкент қаласы 351,
Адырбеков көшесі 8 үй.

Қызылорда облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті (*әрі қарай - Департамент*) Сіздің 2019 жылғы 08 тамыздағы № 51743 «Облыстық медициналық жедел жәрдем стансасы» ШЖҚ КМК қызметкерлеріне арналған арнайы киім тігу» жұмыстары бойынша жарияланған № 3435598-2 конкурсының № 25173815-ОК1 - лоты бойынша конкурс ұйымдастырушысы «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда облыстық медициналық жедел жәрдем стансасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнымен (*әрі қарай - Конкурсты ұйымдастырушы және Тапсырыс беруші*) өткізілген мемлекеттік сатып алудың қорытынды нәтижесіне келіспеушілік білдірген шағымыңызға төмендегіні хабарлайды.

Департамент тарапынан «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі қарай- Заң) 30-бабы 4-тармағының 1) тармақшасына және Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашасындағы № 598 бұйрығымен бекітілген камералдық бақылау жүргізу қағидаларының (бұдан әрі қарай-Қағида) 11-тармағына сәйкес жоғарыда аталған конкурс бойынша камералдық бақылау жүргізілді.

Тапсырыс берушімен әзірленген техникалық сипаттамаға сәйкес әлеуетті жүргізуші белгіленген мерзімде (растайтын құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса отырып) жұмыстарды орындау үшін 15 тен кем емес білікті қызметкерлері болуы тиіс.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру» (Әрі қарай қағида) Қағидалардың әлеуетті өнім беруші жұмысты сатып алу кезінде толтыратын біліктілік туралы мәліметтер бойынша конкурстқ құжаттаманың 5 - қосымшасының 4 - бөлімінде растайтын құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, еңбек ресурстары туралы мәліметтерде қызметкердің Т.А.Ә. (жеке басын куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесі қоса берілсін), лауазымы, біліктілік туралы құжат (білімі туралы дипломның, сертификаттың, аттестаттың және т.б. нөмірі мен берілген күнін көрсету керек, олардың электрондық көшірмелері қоса берілсін) деп көрсетілген.

Камералдық бақылау жүргізу барысында әлеуетті өнім беруші «Жанзере» ЖШС - нің конкурсқа ұсынған конкурстық өтінімінде жұмыстарды орындау үшін 15 тен кем емес білікті қызметкерлердің жеке басын куәландыратын құжаттары мен білімі туралы дипломның, сертификаттың электронды көшірмелері ұсынылғандығы анықталды.

Өз кезегінде тапсырыс берушімен конкурстық құжаттамада қызметкерлердің еңбек келісім шарты және қызметкерлерді жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтардың болу қажеттігі туралы талап көрсетілмегендіктен Сіздің шағымыңызда көрсетілген уәждер өз дәлелін тапқан жоқ.

Уәкілетті органның осы шешімімен келіспеген жағдайда, Департамент Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 14 бабының 6 тармағына сәйкес, лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) не өтініш бойынша қабылданған шешімге шағым жасауға құқығыңыз бар екендігін хабарлайды.

Департамент басшысы **М. Егембердиев**

орын: М. Есенбаев
тел: 233809